

«Қарттарын қадірлеген ел ардақты»

(Мерекелік іс-шара)

Орындаған: мектеп тәлімгері Ержанова Б.А

2022-2023 оқу жылы

1 қазан – қарттар күніне арналған сценарий

Тақырыбы : **«Қарттарын қадірлеген ел ардақты»**

Қарттарым жүректерің неткен дархан,
Көтерген тұрмыс жүгін сенің арқан.
Жолыңды жүріп өткен қарасам мен
Оқитын келешекте бір - бір дастан.
Таң атып күн де шыққан өздеріңмен,
Жалындап жұлдыз жанған көздеріңнен.
Тербедің көктем бағын самал болып
Өсиет жастарға айтқан сөздеріңмен,-
деп асыл қазына, арқа сүйер тірегіміз болып аман - есен жүре беріңіздер.

Жүргізуші:1 Армысыздар! Қадірменді көпшілік. Жиналған құрметті қауым!
Сіздерді келіп жеткен 1 қазан қарттар күнімен және де баршамыздың төл
мерекеміз ұстаздар күнімен құттықтаймыз.

Жүргізуші:2 Халықаралық қарттар күні - бұл аталар мен апалардың, ата-
аналардың, бір-бірінің қадірін білетін жақын адамдардың мерекесі. Бұл - жан
дүниенің жомарттығы мен адамдық даналықтың, азаматтықтың кемел шағына
деген құрмет. Ардагерлер қажеттілігінен алшақ қалмай, үлкендерге құрмет
көрсету халықтың мәдениеттілігін сипаттайтын негізгі белгі.

Жүргізуші:1 Халқымызда «Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол» деген ұлағатты
сөз бар. Ендеше сол ұлағатты ізді жалғастыра отырып, біздің бүгінгі ардагер
ұстаздарымызды құттықтау үшін сөз кезегін мектеп директоры Байжанов
Жасұлан Махмудұлына және мектеп кәсіподақ төрайымы Елубаева Лена
Әкімханқызына беріледі.Сыйлықтар

Құлақтан кіріп,бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар ,

Әнді сүйсең менше сүй-деп Абай атамыз жырлағандай Қауынбаева Жаннаның
орындауындағы «Перзент парызы» әні сіздерге арналады.

Жүргізуші: 2 Бәрекелді! Ракмет! -Ұстаз ұлы тұлға, ұлағаттық тәрбиесін өз
перзенттерінен бөлек, өзгенің өзегінен жаралған ұрпаққа дәріптеу кез-келгеннің
колынан келе бермейтін дүние. Көзді ашып-жұмғанша қаншама ғұмырын артқа

тастап, ұстаздық жолмен бейнет кешкен аға ұстаз, ардагер ұстаздарымыз да ортамызда біршама.

1 жүргізуші. Мерекелік құттықтау сөзі мектебіміздің ұстаздарына беріледі.

Армысың, ауылымның асылдары,
Жайнасын көңілдердің жасыл бағы.
Сіздер үшін ән мен күй, өлең мен би;
Сіздер үшін мереке шашулары.
Тыныштық елімізге бере берсін,
Молшылық жерімізге ене берсін.
Соғыстан ел-жұртымыз аман болып,
Қызығын бейбіт өмірдің көре берсін.

Ән :Есболов Әуез « Әкем әнім»

2 жүргізуші

Келесі сөз кезегі ардагер қарттарымызға беріледі

Алатаудай кейпі биік қашанда,
Таң сызылып, күлер нұр шашарда
Бата бер деп бар адамдар жаяр қол,
Бір биіктен бір биікке асарда.

Сіздерден бата берулеріңізді сұраймыз! *(Бата)*.

Жүргізуші 1:Мектеп психологтары ардагерлерімізбен немерелеріне «Аялы алақан»тренингін өткізуге шақырады.


Жүргізуші:2 Осымен бүгінгі біздің шағын ғана ардагер ұстаздарымызға арналған мерекелік іс-шарамыз аяқталды. Уақыт бөліп, ортамыздан табылған барша жандарға алғысымыз шексіз.

1 қазан - Халықаралық Қарттар күні мерекесіне арналған «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» тақырыбындағы мерекелік іс - шараның

Анықтамасы

Халықаралық қарттар күні - бұл аталар мен апалардың, ата-аналардың, бір-бірінің қадірін білетін жақын адамдардың мерекесі. Бұл - жан дүниенің жомарттығы мен адамдық даналықтың, азаматтықтың кемел шағына деген құрмет. Ардагерлер қажеттілігінен алшақ қалмай, үлкендерге құрмет көрсету халықтың мәдениеттілігін сипаттайтын негізгі белгі. Халқымызда «Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол» деген ұлағатты сөз бар. Мектеп басшысы Ж.Байжанов ардагерлерді құттықтап жылы лебізін білдірді.

Іс-шараның негізгі мақсаты: Көпті көрген дана-гөй қарттарымыздың өнегелі өмірін үлгі ете отырып, ғибрат боларлық сөздерін бойларына сіңіріп, үлкенге құрмет, кішіге ізет ете білетін инабатты, ақылды, ата - баба аманатына адал, ұлттық тәлім - тәрбиені бойына сіңірген, еңбекқор, кішіпейіл, мейірімді, төзімді, өнерлі ұрпақ тәрбиелеу.



Мектеп тәлімгері



Ержанова Б